

## «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІК БЕЛДІГІН ҚОЛДАНУ ҚАЖЕТТІЛІГІ ТУРАЛЫ ЖОЛДАУЫ

### Құрметті әріптестер!!!

Мен Сіздерге компанияның автокөлік құралдарын басқару және автокөліктерде жүру кезінде жол қозғалысы ережелерін және «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның «Өмірлік маңызды қағидаларын» сақтау қажеттігі туралы маңызды ескертумен өтініш жасаймын.

Қауіпсіздік белдіктері – бұл тек міндетті талап ғана емес, сонымен қатар жол-көлік оқиғалары кезінде болуы мүмкін жарақаттанудың алдын алудағы Сіздің жеке қорғанышыңыз. Соқтығысқан кезде қауіпсіздік белдігі өмір сүру мүмкіндігін 70% - ға дейін арттырады.

Қауіпсіздік белдіктері:

- ✓ соқтығысу кезінде соққы күшін азайтады;
- ✓ сізді орныңызда ұстайды;
- ✓ сізді басқа заттармен соқтығысудан сақтайды.


Есіңізде болсын, автокөлік құралында әр сапар кезінде қауіпсіздік белдігін тағу, сондай-ақ жылдамдық режимін сақтау міндетті. Қауіпсіздік белдігін тақпаған жүргізуші мен жолаушы өз өміріне ғана емес, өзгенің өміріне де қауіп төндіреді!

Сіздің және әріптесіңіздің қауіпсіздігі – біздің компанияның басты құндылығы.

Сізден бұл маңызды аспектіні елеусіз қалдырмай, әрқашан жол қауіпсіздік ережесін сақтауыңызды сұраймын, сондай-ақ Сізден біріге отырып транспорт қауіпсіздік мәдениетін арттыруға шақырамын.

Есіңізде болсын! Сіздің әр әрекетіңіз өз өміріңіз бен денсаулығыңызға, сонымен қатар әріптесіңіздің өмірі мен денсаулығына әсерін тигізуі мүмкін!

Бас директор



Ж.А. Саймағанбетов



Қорғаныш жүйелерін ажырату



Тұйық кейістікте жұмыстарды жүргізу



Көлік құралдарын қауіпсіз жүргізу



Қуат көздерін оқшаулау




От жұмыстары




Қауіпті аймақ



Жүк көтеру жұмыстарының қауіпсіздігі



Қауіптілігі жоғары жұмысты жүргізуге нараз-рұқсат



Биіктіктегі жұмыс